

§28. Некенің тоқтауы және бұзылуы




**ҚР-ның «Неке және отбасы» заңы неке бұзудың
екі түрін белгілейді**





Некени сот тәртібімен бұзу





Сұрақтар

- 1.Некені тоқтату дегенді қалай түсінесің?
- 2.Некенің жарамсыздығы деген не?
- 3.Ажырасу ұғымына анықтама бер?
- 4.Сот тәртібімен некені бұзуға әкелетін мән-жайларды ата?

§29. Отбасындағы ерлі-зайыптылардың, ата аналардың, балалардың құқықтары мен міндеттері.

Сабақтың мақсаты – Отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқығы, мүліктік қатынастыры, неке шарты балалар құқығы жөнінде мағлұмат беру.

Жоспар:

- 1.Отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқығы.
- 2.Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары.
- 3.Неке шарты.
- 4.Отбасындағы балалар құқығы.
- 5.Ата-ана құқықтарынан айыру.
- 6.Қорғаншылық және қамқоршылық белгілеу.


**ҚР. “Неке және отбасы” заңының 39-бабына сай
ерлі-зайыптылар:**

- тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады;
- әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді өз еркімен таңдауға ерікті;
- ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасының басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді;
- өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасына жәрдемдесуге, өз балаларының өсіп-жетілуіне, олардың әл-ауқатына қамқорлық жасауға міндетті.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары.



Ерлі-зайыптылар некеге тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып танылады. Мұндай меншікке ерлі-зайыптылардың табыстыры:



- әр түрлі еңбек қызметтерінен немесе бөлек мүліктерінен түскен кірістер;*
- зейнетақылар, жәрдемақылар, көмек сомалары т.б.;*
- жылжымайтын, жылжытын мүліктер;*
- бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, т.б.*

Неке шарты - некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптыларды некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімі.

Неке шартын тоқтату жұбайлардың өзара келісімі болған кез келген уақытта жүзеге асады.

**Неке шарты
нотариалды
куәландырылып,
жазбаша жасалынады.**

**Неке шартынан бір
жақты бас тартуға
жол берілмейді.**

Отбасындағы балалар құқығы



- Балалар құқығын қорғау ҚР-ның заңдары арқылы ғана емес, халықаралық заңдар арқылы жүзеге асады.
- Ең негізгі құжат Балалар құқығы туралы Конвенция. Қазақстан 1993 жылы БҰҰ-ның осы конвенциясына қосылды.
- Конвенция баланы жеке субъект ретінде қарастырып ұлтына, тіліне, дініне, ұлттық белгілері, этникалық шыққан тегіне, әлеуметтік, саяси т.б. көзқарастары үшін ешкімді де кемсітуге жол бермейді.

Ата-аналар құқығынан айыру.



1. Егер ата-аналар (олардың біреуі):
 - ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;
 - өз баласын перзентханадан не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тартса;
 - өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып қиянат жасаса;
 - балаларға қатыгездік көрсетсе немесе психикалық зорлық-зомбылық жасаса;
 - заңдарда белгіленген тәртіп бойынша маскүнемдікпен, нашақорлықпен ауырады деп танылған болса.

Ата-аналар құқығынан айыру.



2. Өз балаларының не жұбайының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайда ата-аналар (олардың біреуі) ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.





- 1. Отбасындағы ерлі-зайыптылардың қандай құқықтары мен міндеттері бар?**
- 2. Неке шартын жасау үшін не қажет?**
- 3. Жұбайлардың қандай мүлкі жеке меншік деп танылады?**
- 4. Ерлі-зайыптылардың ата тегін біріктіріп жазуға заң рұқсат ете ме?**
- 5. Ата-ана қандай жағдайда құқығыннан айырылады?**



Назарларыңызға
рахмет!

